

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЕРІК РЕТТЕЛУІНІҢ ОНТОГЕНЕЗДЕГІ ДАМУЫ

Сәрсен Айсәуле Шәріпқызы

aisauleshk@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Психология» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Б. Байжұманова

Кеңес психологиясындағы ерік мәселесін зерттеу кеңдігінің арқасында еріктің онтогенезегі рөлін қарастыруға үлкен мүмкіндік туды.

Л.С.Выготскийдің зерттеулерінде ерік мәселесі бөлек орын алады. Еріктің автономды және гетерономды теорияларын теріске шығара, Выготский берілген сұраққа басқа жауап табады [1]. Ерік процестерін түсінудің маңызды сәті – олардың онтогенетикалық дамуы. Баланың ерік дамуының жолын қысқаша келесідей көрсетуге болады: «бала еркінің дамуы, сөздік нұсқаумен басқарылатын примитивті ерікті іс-әрекеттермен бастап, күрделі еріктік әрекеттерді орындағанға дейін, толығымен баланың ұжымдық әрекетінен тура тәуелділікте өтеді». Ересек адам өзіне қандай қарым-қатынас жасаса, бала да өзіне қатысты сондай қабілеттіліктерді көрсетеді, яғни баланың ерік әрекеті өзіне деген әлеуметтік қатынасының бір ерекше формасы ретінде көрінеді [1]. Л.С. Выготский ерекше бөліп көрсетеді: «бала өз реакция түрін өзі таңдай алады, ол таңдау заңдарын жоққа шығармайды, алайда Ф. Бэконның заңнамасына бағына отырып, оны басқарады» [2]. Мұндай басқару стимул-құралдар көмегімен жүзеге асады. Осылайша, Л.С.Выготский ерік жоғарғы психиканың қызметі (ЖПҚ) деген шешімге келеді. Басқа да ЖПҚ сияқты ерік те келесі қасиеттерге ие: ол жүйеленген, әлеуметтенген, және ерікті.

Сонымен, Л.С.Выготскийдің түсінігінше, ерік реттелуі – өз әрекеті мен өз мінез-құлқын өзіне бағындыру. Ол онтогенезде белсенді дамиды. Және бастапқыда ол бала мен ересектің арасында бөлініп көрсетілетін интерпсихикалық процесс ретінде болса, кейіннен интрапсихикалық процесске айналады. Л.И. Божович ерік пен тұлғаның еріктік қасиеттерін түсініктерін дамыту кезінде Л.С. Выготскийдің ойларына сүйенді. Л.И. Божович бойынша, сонымен қатар, ерік онтогенезде дамып, күрделі жолдан өтеді.

Ерік процесі шеңберін басқаларынан бөліп көрсетсек, Л.И. Божович айтуына сәйкес, келесідей критерийлерді көрсетуге болады: «нағыз ерікті мінез-құлық нақты мақсаттар деңгейімен анықталады – сонда сана мен ар-намыстың талабы қызықтырушы қажеттіліктерден жоғарырақ, таңдамалылырақ болады» [3]. Жанама құмарлықтарды жеңуге өз әрекеттерінің соңын елестету жақсы көмектеседі.

Ерік реттелуінің онтогенезі адамды тәрбиелеу процесімен анықталады. Онда тұлғаның жағымды қасиеттері, адамгершілік сезімдері және қылықтарының қалыптасуы негізгі рөл атқарады [3]. Осылайша, еріктің дамуы мен адамгершілік бір-бірімен тығыз байланысты болады: «ерікті тәрбиелеу және адамгершілікті тәрбиелеу бір процестің екі түрлі жақтарын көрсетеді» [3].

Д.Б. Элькониннің көрсеткен дамудың периодизациясына сүйене отырып, Л.И. Божович ерік реттелуінің даму процесін әр сатыға сәйкес сипаттап көрсетеді. Л.И. Божович ерікті дамыту процесін сөз еткен алғашқы ғалым. Ерте балалық шаққа мотивтендіруші көріністер тән. Нақты соның арқасында бала сыртқы әсер етуші күштерді өзінің бойынан шығатын ынта мен ниеттің көмегімен жеңе алады [3]. Мектепке дейінгі шақта ерікті қалыптастырудың негізгі рөлін ойын атқарады (сол жастың негізгі әрекет түрі ретінде). Бала ересектердің нұсқауынсыз, өз қалауынша, белгілі бір ережелерге бағына бастайды. Осылайша, өзін-өзі күштеуге қажеттілігі дамиды [3]. Кіші мектеп жасына еріктің дамуының жалпы формасы тән. Оқу әрекеті қозғаушы әрекетке айналады, баланың еркіне талаптар жоғарылайды. Өмірлік жағдайлар өзгереді, араласу тобы ұлғаяды, қарым-қатынасы дамиды. Бұл жаста тәрбие берудің ең маңызды міндеттерінің бірі - мектеп оқушысы беделіне

жағымды көзқарасты қалыптастыру, танымдық қызығушылығы мен нақты бір тұлғалық қасиеттерінің дамуын қалыптастыру (жауапкершілік, т.б.) [3]. Ерте жастық шақта негізгі іс-әрекет құрдастарымен тұлғалық-интимдік қарым-қатынаста болуы саналады. Осыдан шыға, әрине, ержеткен бала үшін құрдастары ұжымына енуі үлкен маңызды іске айналады. Алайда осы ұжымның талаптары үлкендердің қоятын талаптарымен келісе бермейді, сондықтан тұлғаның алдында жаңа міндеттер пайда болады, ол өз алдына еріктің реттелуін қажет етеді. [3]. Кейінгі жастық шақта оқу-кәсібилік әрекет негізгі сипатта болады. Осы жастағы балалар өз мінез-құлқын болжай алу қабілеттілігіне ие, өмірлік позициялары әлдеқайда тұрақты болады. Кейінгі жастық шақтағы балаларды тәрбиелеудегі ортақ та негізгі міндеттері келесідей: өзін-өзі реттеудің дамуының толық еместігіне байланысты пайда болатын спецификалық қиындықтардан өтуде көмек көрсету, сонымен қатар ерікті мінез-құлықтың жоғарғы формасын қалыптастыру, оны қамтамасыз ететін тұлғаның нақты қасиеттерін дамыту [3].

Е.О. Смирнова еріктің онтогенетикалық дамуын, Л.И. Божовичтің тұжырымдамасына сүйене отырып зерттеді. Е.О. Смирноваға сәйкес, онтогенездің ерте шағында еріктілік мен ерік түсініктерін нақты ажыратып көрсету керек. Егер еріктілік өз әрекетін жанамалау болып табылса (өз әрекетін саналы түсіну негізгі қажеттілік), ерік дегеніміз – баланың қалаулары және өзіндік талпыныстары қалыптасуы, олардың анықталуы мен тұрақталуының болуы [4].

Ерік пен еріктіліктің ортақ негізгі құрылымдық кезеңі – мақсат. Мақсатқа бағыттылық пен оның саналы түсіну ерікті, өз бетімен жасалған әрекеттің негізгі сипаттамасы болып табылады. Алайда егер ерікті әрекет өз мотивіне қатысты мақсатты саналы түсіну көрсетілсе, өз бетінше жасалған әрекеттің негізі ретінде қол жеткізу құралдарына мақсаттың қатынасы қарастырылады [4].

Ресей психологтары еріктің реттелуін мектепке дейінгі, кіші мектеп жасындағы және ерте жастық шақтағы көріністерін зерттеді. Бұл сұраққа жауап іздегендердің ішінде В.К. Котырло, Я.З. Неверович, Н.И.Непомнящий, В.И.Селиван және А.И.Высоцкий сияқты атақты психологтардың жұмыстарын атап кетуге болады. Ерік анықтамасын теоретикалық түсіндіруінде және зерттеулерді жүргізу кезінде қолданылатын әдіснамалық құралдардың айырмашылықтарына қарамастан, психологтар бірқатар ұқсас шешімдерге келді. Ерік дамуының әлдеқайда белсенділігі ерте жастық шақта байқалады, оған дейінгі кезеңдері көп жағдайда дайындық кезеңі ретінде қабылданады (ең алдымен, еріктің реттелуі дамиды). Алайда ерік дамуының сипаты бірқалыпты емес. Ерік қасиеттері қатарының дамуына уақытша нашарлау кездері де болуы мүмкін.

Ерік реттелуінің онтогенезіне арналған қазіргі уақыттағы зерттеулерге Т.И.Шульганың еңбектерін жатқызуға болады. Т.И.Шульганың есептеуінше, В.А.Иванникова секілді, ерік реттелуі ерікті реттелудің тұлғалық деңгейі. Алайда ерік реттелуін онтогенезде қарастыру маңыздылығын атап көрсетеді [5].

А.В.Быков, сонымен қатар, ересек жастық шақтағы ерікті зерттеумен айналысқан. А.В.Быковтың көрсетуіне сәйкес, ерік реттелуі кез-келген жастық шақта дамиды. Жалпы алғанда, тұлғаның ерік реттелуі генезисі өз даму траекториясына ие, оның даму кезіндегі тыныштық күйінің ұзақтылығы, бірсарынды өзгеріс сызығы, оның трансформациясының едәуір күшті кездеріндегі қауырт шақтары да жатады.

Ересектердің ерік реттелуін генезисін анықтайтын кілтті факторлар: әрекет спецификасы, оның іске асырылу аумағы, мақсатқа жетудегі субъектпен таңдалатын стратегиялары, адамның өзі үшін мақсаттың құндылығы мен ерікті реттеудің нәтижесі құндылықтарының мәнділігінің әртүрлілігі. Сонымен қатар, ересек жасқа ерік реттелуінің дамуындағы интегративті тенденциялардың көрінуі басым сипатта болады. Бұл студенттік жастық шаққа да қатысты, себебі осы кезде ерік реттелуінің қызметінде интеграционды кездер мен оның даму динамикасының түзулігі байқалады [6].

Алайда, А.В.Быков пен Т.И.Шульганың көрсетуінше, психологиялық ғылымда дәл қазіргі уақытта ерік реттелуінің онтогенезінің қалыптасуы туралы көрініс толығымен қалыптаспаған [7].

Студенттік жастық шақтағы ерік реттелуінің даму және өзгеру сипаты бірнеше сұрақтардың туындауына алып келеді. Ол расында да түзу сызықты траекториялы болады ма, әлде ерік реттелуінің кейбір параметрлерінің дамуында артта қалып қоюлар болады ма? Бұл тақырыпқа байланысты жүргізілген зерттеулер саны көп емес, болса да, өз алдына, қарама-қайшылықтарға толы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6т, Т. 2, М.: Педагогика. 1982. 504 с. 14.
2. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6т, Т. 3, М.: Педагогика. 1983. 368 с.
3. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. - М.: Изд-во «Институт Практической Психологии». 1997. 352 с.
4. Смирнова Е.О. Развитие воли и произвольности в раннем онтогенезе // Вопросы психологии 1990, № 3, С. 49-58.
5. Шульга Т.И. Проблемы волевой регуляции в онтогенезе // Вопросы психологии. 1994. №1. С. 105-111.
6. Быков А.В. Шульга Т.И. Эмоционально-волевая регуляция как вид психологической готовности человека к обучению, М.: Изд-во МГОУ 2012. 142 с.
7. Быков А.В., Шульга Т.И. Становление волевой регуляции в онтогенезе, М. Изд-во УРАО. 1999. 168 с.

УДК. 616.895.4

ОЦЕНКА СУИЦИДАЛЬНОГО РИСКА И ПРОФИЛАКТИКА СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ У ПОДРОСТКОВ

Садиев Шамсиддин Фазлитдин угли

shams.341farm@mail.ru

студент 4 курса медико - педагогического факультета,
Ташкентской медицинской академии, Ташкент, Узбекистан
Научный руководитель - Б. Умаров

«Суицид (от англ. Suicide – самоубийство) – акт самоубийства, совершаемый человеком в состоянии сильного душевного расстройства, либо под влиянием психических заболеваний; осознанный акт устранения из жизни под воздействием острых психотравмирующих ситуаций, при которых собственная жизнь, как высшая ценность, теряет для данного человека смысл. Причины суицида многообразны и коренятся не только в личностных деформациях субъекта и психотравмирующей обстановке, отражающей его, но и социально-экономической и нравственной организации общества».

Классификация суицидального поведения

С точки зрения клинической практики СП принято подразделять на внутренние и внешние формы.

Внутренние формы:	Внешние формы:
1. Антивитальные переживания – размышления об отсутствии ценности жизни без чётких представлений о своей смерти 2. Пассивные суицидальные мысли – фантазии на тему своей смерти, но не лишения себя жизни 3. Суицидальные замыслы – разработка плана суицида 4. Суицидальные намерения –	1. Самоубийство (суицид) – намеренное, осознанное и быстрое лишение себя жизни. 2. Суицидальная попытка (парасуицид) – не закончившееся смертью намеренное самоповреждение или самоотравление, которое нацелено на реализацию желаемых субъектом изменений за счёт физических последствий. 3. Прерванная суицидальная попытка (прерванный парасуицид) – акт, предпринятый с целью намеренного самоповреждения или самоубийства, но